

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Баженова Калампыр Табылдиевна

fari_0974@mail.ru

7M01301 – Білім берудегі менеджмент ББ II курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші, PhD, қауымдастырылған профессор - Ф.Б.Кинжибаева

Аңдатпа. Бұл жұмыста бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда қолданылатын инновациялық әдістердің мәні мен ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында оқу техникасын қалыптастыру үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталған инновациялық тәсілдер үш негізгі бағытта талданып, олардың құрылымдық мазмұны айқындалды. Сонымен қатар, аралас оқыту, икемді жоспарлау, модульді құрастыру және басқару әдістерінің ұйымдастырылу ерекшеліктері мен практикалық тиімділігі сипатталды. Инновациялық әдістердің білім беру процесін цифрландыру, дараландыру және оқу тиімділігін арттырудағы маңызы негізделді.

Кілт сөздер: бастауыш білім беру, оқу техникасы, оқу техникасын қалыптастыру, инновациялық әдістер, білім беруді ұйымдастыру, аралас оқыту, икемді жоспарлау, модульдік оқыту, басқару, цифрлық технологиялар.

Кіріспе Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру маңызды педагогикалық мәселелердің бірі болып табылады. Оқу, жазу және есептеу дағдыларының сапалы қалыптасуы оқушының болашақтағы білім алу үдерісінің негізін қалайды. Осыған байланысты оқу процесін тиімді ұйымдастыру мен басқарудың заманауи, инновациялық тәсілдерін қолдану қажеттілігі артып отыр.

Білім беру саласындағы цифрландыру үдерісі мен инновациялық технологиялардың дамуы оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Инновациялық әдістер оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, оқу мотивациясын арттыруға және білім сапасын жақсартуға ықпал етеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесін инновациялық әдістер негізінде ұйымдастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Осы зерттеу жұмысының мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда қолданылатын инновациялық әдістердің мәнін анықтау және олардың тиімділігін негіздеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі зерттеу сұрақтары қарастырылады:

• Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесінің ерекшеліктері қандай?

• Оқу процесін ұйымдастыруда инновациялық әдістердің рөлі қандай?

• Инновациялық әдістердің қандай түрлері тиімді болып табылады?

• Инновациялық әдістер оқу техникасының қалыптасуына қалай әсер етеді?

Зерттеу гипотезасы: егер бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда инновациялық әдістер жүйелі және мақсатты түрде қолданылса, онда оқушылардың оқу, жазу және есептеу дағдыларының қалыптасу деңгейі артып, оқу процесінің тиімділігі жоғарылайды.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда қолданылатын инновациялық әдістерді үш басты бағытта қарастыруға болады:

1. Оқушылардың оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруды автоматтандыруға бағытталған инновациялық әдістер. Бұл әдістер оқу процесін басқаруды

цифрлық технологияларға жүктейді. Осы бағыттағы инновациялық әдістердің мынадай түрлері бар:

- Оқу процесін ұйымдастырушы білім беру платформалары. Қазақстандық білім беру жағдайында мәселен (*OnlineMektep*) іспеттес білім беру платформасының көмегімен оқу процесінің көптеген аспектілері басқарылады.


- Оқу процесін ұйымдастыру мен басқаруда қолданылатын цифрлық технологиялардағы кері байланыс жасау қызметі. Инновациялық әдістер оқушылардың оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастырудағы әрбір қадамды кері байланыс арқылы хабарлап отырады және мектеп әкімшілігі мен педагогтер осы үдерістерді алдын ала диагностикалау мен мониторинг жасаудың мүмкіндіктеріне ие болады.

2. Оқушылардың оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыру мен басқаруға бағытталған инновациялық әдістер.

- «Аралас оқыту». Оқушылардың оқу техникасын қалыптастыруда сабақтарды жетілдіруге бағытталады.

- Оқытуда үзілістерді жасау. Оқу техникасын қалыптастыру процесі бірқатар ұсақ-ұсақ бөлшектерге бөліну арқылы жүзеге асырылады және әрбір бөлім аяғында менеджер оқушылардың оқу техникасының қалыптасу нәтижесіне мониторинг жасап отырады және қажет болса түзету жұмыстарын да жүргізеді.

Білім беру кеңістігін ұйымдастыруда инновациялық әдістер оқу үдерісінің құрылымын түбегейлі жаңартуға, өзгертуге бағытталған. Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастырудың әдістемелік-педагогикалық әдісі-балаға қалай оңтайлы білім беруге болады? деген сұраққа жауап іздесе, оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда инновациялық әдістер: оқу процесіне ажыратылған уақытты қалай оңтайлы қолдануға болады, оқу кеңістігін және кадрлармен қандай деңгейде қамту арқылы оң нәтижеге жеткізуге болады? деген сынайлы сұрақтарға жауап іздейді (сурет-1)



Сурет-1. Оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда инновациялық әдістерді қолданудың басты мәселелері

Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыруда ұйымдастырушы инновациялық әдістердің мынадай түрлері бар:

1. Аралас оқыту әдісі.

Әдістің басты мәні. Аралас оқыту әдісі дәстүрлі классикалық-сабақ жүйесін ығыстыруға бағытталған. Аралас оқыту әдісі бойынша сабақ барысында пән мұғалімі мен цифрлық және инновациялық технологияларды араластыра отырып, оқу кеңістігі құрылады.

Басқару және ұйымдастыру ерекшеліктері. Аралас оқыту әдісі бойынша сабақ логикатикалық инновация түрінде құрастырылады. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда баланың оқу, жазу дағдыларын жетілдіру үшін автоматты түрде инновациялық әдістер немесе цифрлық тренажерлер қолданылады да, ал сабақтың шығармашыл, креативті және аналитикалық ойлауды қажет ететін тұстарын пән мұғалімі оқушылармен бірге жүзеге асырады. Осылайша, аралас оқыту инновациялық әдісі тек инновацияға жүгінбей, мұғалім шеберлігімен араластыра, байланыста отырып сабақты ұйымдастыруды көздейді.

Аралас оқыту әдісінің ұйымдастырылу модулі (мысал). Бастауыш сынып оқушысының оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда аралас оқыту инновациялық әдісін қолдануда «Кафеге қонақ» немесе «Станция арасындағы саяхат» сияқты модельдерді пайдалануға әбден болады. Ол бойынша оқушылар бірқатар топтарға немесе топшаларға ажыратылып, өзара жоба жазу арқылы немесе белгілі бір шығармашылық тапсырмалар бойынша бір-біріне «станциялар» арасында айналып, сабақ осылайша жүргізіледі. Сонымен қатар, сабақта инновациялық-цифрлық әдістердің де өз орнымен қолдану жағдайлары да қамтамасыз етілуі керек (сурет-2).

Сипаттамасы: Оқу техникасын қалыптастырушы сабақ мұғалімнің жетекшілігімен цифрлық және инновациялық технологияларды біріктіре отырып ұйымдастырылады.	Ұйымдастырылу ерекшелігі: Оқу техникасын қалыптастыру барысында баланың дағдысын жетілдіру мақсатында цифрлық технологиялар, ал шығармашыл-креативтілік тұстарын дамытуда пән мұғалімінің шеберлігі қолданылады.	Ұйымдастырылу типтері немесе модульдері: «Кафеге қонақ» немесе «Станция арасындағы саяхат»
--	--	--

Сурет-2. Аралас оқыту әдісі бойынша оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыру

2-суретте аралас оқыту әдісі арқылы бастауыш сынып оқушысының оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыру көрсетілген.

2. Икемді жоспарлау әдісі.

Әдістің басты мәні. Икемді жоспарлау әдісі-инновациялық ұйымдастыру әдістерінің ең кеңінен қолданысқа ие болып жатқан түрі болып табылады. Оқушылардың оқу техникасын қалыптастыру процесін жылдық жоспарлауға жүгінбей, басқарудың қысқаша-қысқаша циклдеріне ажыратыла отырып ұйымдастыруға негізделген.

Басқару және ұйымдастыру ерекшеліктері. Оқушылардың оқу техникасын қалыптастыру процесі баланың білім алу траекториясына сүйене отырып, бірқатар циклдерге ажыратылады және әрбір цикл соңында баланың оқу техникасын иемдену деңгейіне мониторинг жасалған соң кейінгі циклдерге өтеді. Мысалы, «30-ға дейін санауға үйрену» атты оқу техникасы модулін өткенде осы модель 1 апталық цикл болып жоспарланса, циклдің өзі белгілі бір жоба ретінде қарастырылып, оқу траекториясы арқылы жүзеге асырылады.

Икемді жоспарлау әдісінің ұйымдастырылу модулі (мысал). Икемді жоспарлау әдісінің ұйымдастыру модулі ретінде сыныптағы «Scrum-тақталар» құралын айтуға болады. Ол бойынша оқу техникасын қалыптастыру процесінің әрбір циклінде оқушының өз оқу техникасы дағдыларының деңгейіне өзі баға беруге мүмкіндіктер жасалады. Бұл аталған процес визуалды менеджменттің құралы деп те атайды. Сабақ барысында арнайы тақталарға оқушылар өз дағдыларының қандай дәрежеге жеткендігін белгілеп отырады және бұл балаларда ерте жастан бастан өзіндік менеджмент дағдыларының қалыптасуына жағдай жасайды (сурет-3).

<p>Сипаттамасы: Оқу техникасын қалыптастыру процесі қысқаша белгілі бір циклдерге ажыратылу арқылы ұйымдастырылады</p>	<p>Ұйымдастырылу ерекшелігі: Оқу техникасын қалыптастыру процесі алдын ала жоспарланған білім беру траекториясына сүйене отырып, циклдік жүйе арқылы жүзеге асырылады</p>	<p>Ұйымдастырылу типтері немесе модульдері: «Scrum-тақталар» құралы.</p>
--	---	--


Сурет-3. Икемді жоспарлау әдісі бойынша оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыру

3. Оқу күнін модульді құрастыру әдісі.

Әдістің басты мәні. Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыруда әрбір оқу күні белгілі бір оқу техникасының дағдысын жетілдіруге бағытталатын 3 сағаттық (шектеулі сағат саны) сабақпен жүзеге асырылады.

Басқару және ұйымдастыру ерекшеліктері. Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасына-оқу, жазу, есептеу іспеттес дағдылар енетіндігі жоғарыда тараушаларда айтылған болатын. Міне, оқу күнін модульді құрастыру атты инновациялық ұйымдастыру әдісі бойынша бір оқу күні оқу техникасының бір дағдысын жетілдіруге ғана жұмсалуды керек екендігі алға тартылады. Оқу техникасын осы іспеттес оқу процесін ұйымдастыру арқылы балада белгілі бір дағдының тереңінен қалыптасуына жол ашады деп түсіндіріледі. Мәселен, бірінші күні оқушының оқу техникасына қатысты оқу дағдысын жетілдіру мақсатында: Ана тілі, Қазақ тілі сабақтары топтастырылып ұйымдастырылу қажеттігі алға тартылады (баланың танымдық қасиеттерінің ерекшеліктерін ескере отырып).

Оқу күнін модульді құрастыру әдісі әдісінің ұйымдастырылу модулі (мысал). Аталмыш инновациялық ұйымдастыру әдісі бойынша мысал ретінде «Интеграциялық STEAM – ұстаным» модулін мысалға алуға болады. Бұл модуль бойынша оқушылардың оқу техникасының есептеу дағдысын қалыптастыру үшін оқу процесін ұйымдастыруда бастауыш сыныптарға Математика сабағы мен Информатика бастамалары сабақтарын біріктіре өту, өзара интеграциялау керектігі алға тартылады. Нәтижесінде балада есептеу дағдысы мен цифрлық техникалық сауаттылық деңгейі бір сәтте жоғарылайды (сурет-4).



Сурет-4. Оқу күнін модульді құрастыру әдісі бойынша оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыру

4. Менторлық басқару әдісі.

Әдістің басты мәні. Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесінің барлық қатысушылары білім беру кеңістігін құруға атсалысады.

Басқару және ұйымдастыру ерекшеліктері. Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға оқушылар да белсенді түрде қатысады. Сыныпта оқу техникасына қатысты оқу, жазу және есептеу дағдылары жоғары қарқында қалыптасқан лидер, әрі белсенді оқушылар сыныпта артта қалып бара жатқан оқушыларға көмектесу арқылы пән мұғалімінің көмекшісі ролін өзіне алады және оқу процесінің барлық қатысушылары ұйымдастырушылар қатарына кіре бастайды. Осындай оқу іс-әрекетінің нәтижесінде оқушылар сыныптың кадрлық ресурсы ретінде өз құндылығын байқата бастайды, сонымен қатар сынып ішінде оқушылардың оқу мотивациясы артады.

Менторлық басқару әдісінің ұйымдастырылу модулі (мысал). Аталмыш инновациялық ұйымдастыру әдісі бойынша мысал ретінде «Peer-to-Peer-коллаборациялық басқару» атты ұйымдастыру тәсілін алып қарастыруға тболады. Ол бойынша оқушылар «педагог» қызметінің белгілі бір элементтерін өзіне иемденіп, «станциялар» арқылы топтасып өтілетін сабақтарда өзара көмек көрсетеді. Нәтижесінде оқушылардың жауапкершілік сезімдері арта түседі. Сонымен қатар, оқушылар мен оқушылар арасында білім беру процесін бірлестіре отырып ұйымдастыру сабаққа деген баланың ынта-ықыласы мен қызығушылығын арттырады, балалар арасында еліктеу іспеттес әрекеттер де іске қосылады (сурет 5).




Сурет-5. Менторлық басқару әдісі бойынша оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыру

Бастауыш сынып оқушысының оқуы мен жазуы бойынша іс-әрекеттерді түзету мен қателерді табу жұмыстарында цифрлық технология, жасанды интеллект көмекшілері мен цифрлық жүйелерді пайдалануда, бұл инновациялық әдістер оқу техникасын қалыптастыру процесіне бірден бейімделіп, интеграциялана алу қабілетіне ие. Сонымен қатар цифрлық

технологиялар мен инновациялық әдістер әрбір оқушының қажеттіліктері мен оқу техникасын жетілдіру қарқынына жеке-жеке бейімделе алады.

Цифрлық технологиялар мен инновациялық әдістер оқу процесін ойынға айналдыру мүмкіндігіне ие, бұл екінші белгісі. Кіші сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыруда, мәселен есептеу барысында, жазуға жаттығуда цифрлық ойындарды енгізу арқылы баланың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға болады, сонымен қатар баланың оқуға деген қарсылықтарын болдырмауға зор мүмкіндіктер де туады. Өйткені, бастауыш сынып кезеңі енді ойын іс-әрекетінен оқу іс-әрекетіне ауысқан шақ болғандықтан, бұл балаларды ойынға қызықтыру, сол арқылы сабаққа жігерлендіру шараларын жүргізуге болады.

Цифрлық технологиялар мен инновациялық әдістер оқу процесін ұйымдастыруда бірқатар оқу мақсаттары мен оқу нәтижелеріне әп-сәтте қол жеткізуге болады, бұл үшінші белгісі. Кіші сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесін бірқатар білім беру шараларының өзара сәйкес орындалуын талап етеді. Мәселен, оқушының оқу үлгерімі туралы мониторинг жұмыстарын жүргізу және оқушының оқу және жазу дағдысынын жетілдіру. Осы қатарлас іс-әрекеттерді бір сәтте жүзеге асыруда цифрлық технологиялар мен инновациялық әдістердің көмегі зор (сурет-6).



Сурет-6. Оқушылардың оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда қолданылатын инновациялық әдістердің жіктелуі

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыруда ұйымдастырушы инновациялық әдістердің басты 4 түрі бар екендігі айқындалды. Осы инновациялық әдіс түрлеріне өзара араластыра отырып оқу және тәрбиелеу процесі жүзеге асырылса, бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасы жоғары қарқында дамидынығына соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық-басқарушылық саласындағы жүргізіліп келе жатқан іздену жұмыстары дәлел болып келеді (кесте-1).

Кесте-1. Инновациялық әдістердің жіктелуі

Инновациялық әдістің атауы	Құрылымдық бөлігі	Анықтамасы
Аралас оқыту әдісі	Аралас әдістің басты белгілері	Аралас әдіс бойынша бастауыш сынып оқушысының оқу техникасын қалыптастырушы сабақ мұғалімі мен цифрлық және инновациялық технологияларды араластыра отырып ұйымдастырылады.
	Аралас әдістің ұйымдастырылу қағидаты	Оқушының оқу техникасын қалыптастыруда оқу-жазу, есептеу дағдыларын жетілдіру мақсатында

		цифрлық технологиялар, ал шығармашыл-креативтілік тұстарын дамытуда пән мұғалімінің шеберлігі қолданылады.
	Аралас әдісінің ұйымдастырылу модулі	«Кафеге қонақ» немесе «Станция арасындағы саяхат».
Икемді жоспарлау әдісі	Икемді жоспарлау әдісінің басты белгілері	Сабақ-қысқа-қысқа, белгілі бір циклдерге ажыратылу арқылы ұйымдастырылады.
	Икемді жоспарлау әдісінің ұйымдастырылу қағидаты	Оқу техникасын қалыптастыру процесі алдын ала жоспарланған білім беру траекториясына сүйене отырып, циклдік жүйе арқылы жүзеге асырылады.
	Икемді жоспарлау әдісінің ұйымдастырылу модулі	«Scrum-тақталар» құралы.
Оқу күнін модульді құрастыру әдісі	Оқу күнін модульді құрастыру әдісінің басты белгілері	Бір оқу күнін оқушының белгілі бір оқу техникасы шеңберіндегі бір ғана дағдысын қалыптастыруға бағыттау.
	Оқу күнін модульді құрастыру әдісінің ұйымдастырылу қағидаты	Оқу күні оқу техникасының бір дағдысын жетілдіруге ғана жұмсалуды керек екендігі алға тартылады. бірінші күні оқушының оқу техникасына қатысты оқу дағдысын жетілдіру мақсатында: Ана тілі, Қазақ тілі сабақтары топтастырылып ұйымдастырылу қажеттігі алға тартылады.
	Оқу күнін модульді құрастыру әдісінің ұйымдастырылу модулі	«Интеграциялық STEAM –ұстаным»
Менторлық басқару әдісі	Менторлық басқару әдісінің басты белгілері	Оқу процесіне барлық тараптарды қатыстыру.
	Менторлық басқару әдісінің ұйымдастырылу қағидаты	Сынып лидерлері пән мұғалімнің көмекшісіне айналады.
	Менторлық басқару әдісінің ұйымдастырылу модулі	«Peer-to-Peer-коллаборациялық басқару»

Енді, оқушылардың оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастырудың негізгі әдістеріне өзара салыстыру жасасақ (кесте-2).

Кесте-2. Оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастырудың негізгі әдістерін өзара салыстыру

Параметр	Дәстүрлі ұйымдастыру әдістері	Инновациялық әдістер
Ұйымдастыру құрылымы	Сабақ бүкіл сыныпқа жаппай өтіледі. Бір	Сабақ сыныпқа желілік қағидаты бойынша ұйымдастырылады. Сынып

	тақырып бүкіл сыныпқа мұғалімнің түсіндіруімен жеткізіледі.	оқушылары станцияларға ажыратылып, топтасып білім алады және әр станция бөлек-бөлек тақырыпша төңірегінде ізденеді.
Сабақ барысында уақытты үнемдеу принципі	Сыныпқа кірген соң, сабақ басталғаннан соңына дейін, яғни қоңырауға дейін үзіліс жоқ	Уақыт икемге көнеді, балалардың жеке ерекшеліктеріне орай сабақ ішінде ара-арасында үзілістер жарияланады.
Сабақты ұйымдастыруда кадр мәселелерінің шешілуі	Мұғалім- оқушыға ақпарат жеткізуші және сабақты толық ұйымдастырып, басқарушы тұлға.	Мұғалім-цифрлық кеңістікте оқу процесін ұйымдастырушы және модератор, сабақтың ерекшеліктеріне орай сынып лидерлерінен де мұғалімнің асистенттерін тағайындау арқылы оқушының өзін кадрлық ресурс ретінде оқу процесіне қосу.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда инновациялық әдістерді қолдану арқылы дәстүрлі білім беру әдістері арқылы құрастырылуы мүмкін емес оқу кеңістігін негіздеуге жол ашады. Өйткені, инновациялық әдістер өзінің көп қырлылығымен және оқушының әрқайсысына жеке-индивидуалды білім беру траекториясын құру мүмкіндіктерінің болуымен көзге түседі. Инновациялық әдістер арқылы әртүрлі деңгейдегі оқу техникасын иемденген оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі деңгейлік тапсырмалар құруға да жағдай жасалады. Сонымен қатар, инновациялық әдістер оқушылар мен мұғалімдердің оқу процесіне деген ынта-ықыласын, қызығушылығын жігерлендіруші фактор ретінде де ерекшеліктері бар.

Инновациялық әдістер сыныпта оң психологиялық климаттың қалыптасуына да ықпал етеді. Сабақ барысында оқушылардың жазу, оқу және есептеу сәттеріндегі жіберген қателіктеріне емес, оқушының білім жинау саласындағы артықшылықтары мен дағдыларына, жеке қасиеттерінің оң тұстарына баса назар аудару арқылы балалар арасындағы оқу үлгерімінен артта қалу секілді үрейлену, қорқыныш сезімдерін болдырмауға мүмкіндігі де басым.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыру процесін ұйымдастыруда қолданылатын инновациялық әдістердің көп түрлі болуы және бұл әдістерді үйлесімді түрде араластыра отырып, оқу үдерісінде қолдану артықшылықтары мектептегі көптеген басқару тетіктерін жаңғыртуға жол ашады. Бұрынғы дәстүрлі басқару жүйесінде оқу процесінің түрлі құрылымдық бөліктері түйсікке сүйене отырып қана басқарылса, инновациялық әдістердің көмегімен оқу техникасын қалыптастырудың барлық кезеңдерін аналитикалық тұрғыдан оқушыға жеке-индивидуалды бағытталған білім беру кеңістігін құрастыру мүмкіндігі туады. Сол үшін инновациялық әдістердің көмегімен оқу үдерісін ұйымдастыру және басқару мәселесі көптеген жан-жақты іздену жұмыстарын қажет етеді.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын қалыптастыруда инновациялық әдістерді қолдану оқу процесін тиімді ұйымдастыру мен басқарудың жаңа мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, оқушының жеке даму траекториясын ескеруге және сыныптағы оң психологиялық климатты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбдіқалықова Г. М. Бастауыш мектепте оқу техникасын дамыту әдістемесі. Алматы: Білім баспасы, 2020. 176 б.
2. Қожабекова А. С. Инновациялық педагогикалық әдістер бастауыш мектепте // Бастауыш білім журналы. 2019. №2(4). С. 45–52.
3. Сұлтанова Ж. Б. Мектептегі аралас оқыту әдістері: теория мен практика. Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті баспасы, 2021. 142 б.

4. Иванова Н. Н. Формирование навыков учебной техники у младших школьников // Вестник педагогики. 2018. №6(2). С. 30–37.
5. Петрова Л. В., Смирнов А. И. Инновационные методы обучения в начальной школе // Современная школа. 2019. №12. С. 14–21.
6. Hattie J. Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. London: Routledge, 2009. 392 p.
7. Darling-Hammond L., Flook L., Cook-Harvey C., Barron B., Osher D. Implications for educational practice of the science of learning and development // Applied Developmental Science. 2020. Vol. 24, No. 2. P. 97–140.
8. Horn M. B., Staker H. Blended: Using Disruptive Innovation to Improve Schools. San Francisco: Jossey-Bass, 2015. 224 p.
9. Puentedura R. R. SAMR and TPCK: Intro to advanced teaching with technology. Hippasus, 2014. 48 p.
10. Collins A., Halverson R. Rethinking Education in the Age of Technology: The Digital Revolution and Schooling in America. New York: Teachers College Press, 2018. 216 p.
11. OECD. Innovating Education and Educating for Innovation: The Power of Digital Technologies and Skills. Paris: OECD Publishing, 2021. 172 p.
12. Fullan M., Langworthy M. A Rich Seam: How New Pedagogies Find Deep Learning. London: Pearson, 2014. 136 p.
13. Mishra P., Koehler M. J. Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge // Teachers College Record. 2006. Vol. 108, No. 6. P. 1017–1054.